



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Ұлттық Банк Нархоз университетімен арадағы бірлескен бағдарлама аясында  
30 грант бөледі

2022 жыл, 9 маусым

МВА-дің «Қаржы талдаушысы», «Қаржылық тәуекел-менеджері», «Макроталдау мен болжау» және «Актуарий» бірлескен бағдарламалары аясында Ұлттық Банктің гранттары бойынша «Нархоз университеті» КеАҚ-та оқуға конкурсстық өтінімдер **2022 жылғы 25 шілдеге дейін** қабылданады.

Бағдарламаларда академиялық пәндер, оның ішінде қаржы, макроэкономика, эконометрика, математика, деректерді талдау қамтылады. Бұл бағдарламалардың мақсаты – Ұлттық Банкте, оның еншілес үйімдарында, сондай-ақ Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінде (бұдан әрі – ҚНРДА) жұмыс істеу үшін кәсіби кадрларды даярлау, Қазақстанның қаржы секторы мен мемлекеттік басқару секторы үшін мамандарды оқыту.

Дәрістің басталуы 2022 жылдың қыркүйек айына жоспарланып отыр. Оқу мерзімінің ұзақтығы – 2 жыл. Университетті бітіріп шыққан мамандарды Ұлттық Банкке, оның үйімдарына және ҚНРДА-ға жұмысқа орналастыру көзделген.

Грантқа онлайн-өтінім, бағдарламалардың мазмұны, кандидаттарға қойылатын талаптар Нархоз университетінің сайтында көрсетілген: [applied-finance.narxoz.kz](http://applied-finance.narxoz.kz).

**Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:**

8 (7172) 77-52-10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)